

Қошқар мүйіз, киік мүйіз, ашатұяқ, түйетабан, құсқанат секілді т.б ою - өрнектер көрсетілген. Геометриялық жағынан сараласак: Үш бұрыш болса - тұмарша, толқын тәрізді - ирек, тарақ секілді өрнектер кездеседі. "Ою" деген сөз тасты ою деген сөзден қалған[1, 76-77 б.].

Қазақ ою-өрнектерінің бір бағыты аңдық стилінің тікелей жалғасы деп айтсақ қателеспейміз. Дегенмен қазақтың ою-өрнектері толық қанды қарастырылмаған. Ою-өрнекті зерттеумен шұғылданып жүрген зерттеушілер ою-өрнектерді негізгі үш топқа бөледі. Олар:

-өсімдік бейнесіндегі өрнектер (жапырақ, шиыршық, ағаш);

-зооморфты ою-өрнек, осы тармақты аңдық стилінің жалғасы деп айтсақ та болады. Аңдардың, жануарлардың пішіндерін және мифтік пішіндерін бейнелеген. "Қырық мүйіз", "Қос мүйіз", "Сынық мүйіз", "Өркеш", "Табан", "Ботамайын", "Құсқанатты" т.б);

-космогониялықөрнек ("дөңгелек", "ирек", "шима", "торкөз")."Жауказын", "Аққу қанаты" бұл өрнектерді бабаларымыз "күн ашық болсын" деген мағынада салған[6, 122-130 б.].

Қорытындылай келе, "аңдық стилі" алғашқы өркениеттен бастап бүгінгі күнге дейінгі қазақ мәдениетінің дамуында қомақты рөл атқарды. Оның қалыптасуы адамдардың діни наным-сенімімен, әлемге деген түсінік, көзқарастарымен байланысты болды. Адамдар ежелден бері өздерін табиғатпен, жан-жануарлар әлемімен байланыстыра отырып, солардың жақсы қасиеттерін бойларына дарытқан. Жоғарыда айтып өткендей, мәдениет бірнеше елдің ішінара қатынасынан және басқа да тарихи факторлардың есебінен пайда болады. Алайда әр елде сол мәдениет басқа көршілес елдердің мәдениетімен өзара байланысқа түсіп, белгілі бір деңгейде өзінің мән-мағынасын біршама өзгерістерге ұшыратып, оны өзіндік белгілерімен ұштастыра дамыған. Осылайша, белгілі бір амьқат өмір сүрген, қалыптасқан халықтың ұлттық мәдениеті ретінде сақталып, дамыған. Біздің қолөнер мәдениетіміз сақ мәдениетінің біршама өзгеріске ұшыраған түрі болып табылады. Бұл өзгеріс және қазақы қалыптасқан мәдениет отанымыздың, халқымыздың ерекшелігі болып табылмақ. «Аңдық» стилі өзінің қайталанбастығымен, құндылығымен ерекше. Сондықтан да, берілген тақырыпты зерттеу бүгінгі таңда өзінің өзектілігін жоймаған міндеттердің бірі екендігіне сенімдіміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асан Бахти. Шумеры, скифы, казахи - Алматы: ИД "Кочевники"; 2002. - 216с.
2. М.Ш.Өмірбекова. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті. Оқуқұралы - Алматы: "Зият Пресс", 2004 ж. - 112 б.
3. А.К.Акишев. Искусство и мифология саков - Алматы: ИД "Наука"; 1984. - 176 с.
4. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 1. - Алматы: "Атамұра", 2010. 544 с., илл.
5. Е.В.Переводчикова. Язык звериных образов: Очерки искусства евразийских степей скифской эпохи. - М.: Издательская фирма "Восточная литература" РАН, 1994 (По следам древних цивилизаций). - 206 с., ил.
6. Өмірбекова.М.Ш. Қазақтыңою-өрнектері: энциклопедия / М. Ш. Өмірбекова. - Алматы :Кітап, 2005. - 283 б. : сур.

**Асылханова А.Ж.**, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КЖ-21 тобы, студент

(Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Асанов К.Д.)

#### **Е.А. БӨКЕТОВ – АУДАРМАШЫ, ПУБЛИЦИСТ**

Е.Букетов шығармалары және аударма жөнінде жазған сын-зерттеу мақалалары туралы кезінде баспасөз беттері мен ғылыми зерттеулерде біраз айтылғаны белгілі. Е.Букетовтің “Көркем аударма, хал қалай?” атты мақаласы, автордың бұл салада жан-жақты хабардарлығын көрсетеді. “Көркем аударма – творчестволық қызметтің ең қиын салаларының бірі. Бұл қалыптасқан қағиданы дәлелдеп жатудың еш қажеті жоқ сияқты. Бүгіндері басқа бауырлас әдебиеттермен терезесі тең тұрған төл әдебиетіміз өзінің балаң кезінен бастап оған үлкен ықылас-ілттипат қойып отыр”, [1,24] - дейді автор аталмыш мақаласында.

Жалпы Е.Букетов аударған С.Есенин, В.Маяковский, Пушкин, Шекспир шығармаларының шедевр туындылары қазақ тілінде қалың оқырман жүрегіне жол тапқан дүниелер болып саналады. Есениннің “Анна Снегина”, “Письмо женщине”, “Собака Качалова”, Маяковскийдің “Хорошо”, Пушкиннің “Полководец”, Шекспирдің “Макбет”, “Юлий Цезарь”, Надсонның “Только утро любви хорошо.” атты туындылардың Е.Букетов тәржімасындағы нұсқаларына қазақ әдебиетінің белгілі сыншылары жоғары баға береді. Сыншы Рәбиға Сыздықова: “Е.А. Букетовтің тамаша аудармаларына берілген құнды пікірлерді оқып, жазушы-аудармашының әдебиет пен өнерге деген көзқарасы,

әңгімелерінің деңгейіндегі парасаттылығын байқап, марқайып қаласың. Оның аударған шығармалары халқымыздың рухани қазынасына қосылатындығы даусыз” [2,136 ].

Болгар жазушысы И.Вазовтың “Бұғауда” романын 1959 жылы, И.Василенконың “Артемка” повесін, Э.Золяның әңгімелері мен мақалаларын 1956 жылы аударып жарыққа шығарған да Е.А. Букетов. С.Есениннің “Менің махаббатым” атты өлеңдері мен поэмалары 1978 жылы Е.А.Букетовтың аударуымен жарық көрді.

Кітаптың алғы сөзін жазған академик-сыншы М.Қаратаевтың Е.Букетов аудармасына берген пікірін біз зерттеу барысында келтірген болатынбыз.

Осы жерде Е.Букетовтің аударма саласына ден қоюы, оны әдебиеттің күрделі саласына балай тұрып, оған талап қылуы, былайғы жұрттың қызығушылығын туғызды. Біздің айтпағымыз, аудармаға деген әуестік Е.Букетов бойына бала кезінен бастап пайда болған қасиет. Педагогикалық еңбектің ардагері, қарт ұстаз Қари Сеңкібаев “Бәрімізге бауыр еді” атты естелігінде мынадай бір қызық дерек келтіреді: “Евней – көпшіл де, “артист” те болатын. Жаңылмасам, 7-8 кластарда оқып жүргенде болар, ол А.С. Пушкиннің “Тас мейман” атты шағын драмасының қазақша аудармасын өзі бас болып мектеп сахнасына шығарды. Драманы да өзі қойды, басты кейіпкерді де өзі ойнады. Осы күнге дейін ұмытпағанымға қарағанда, бұл қойылым әсерлі шыққан болар деп топшылаймын” [2,140].

Е.Букетов ең алдымен аудармаға үлкен жауапкершілікпен қараған адам. Оған өзінің: “Аударманы көркем әдебиеттің дарын мен шеберлік тілейтін ауыр саласы деп түсінбеушілікте, оған көлденең көк атының кірісіп кетуінде деп ойлаймыз. Әрине, көркем дүниеге жеңіл кәсіп деп қараған аудармашыдан рухани қанат тілейтін шынайы шығарма туа қалуы екі талай”, [1,31] - деген сөздері дәлел болса керек. Аударма көкжиегін бетке алғанда Е.Букетов санасында орыстың атақты ақыны, әрі аудармашысы В.А. Жуковскийдің: “Прозаны аударушы – автордың құлы, поэзияны аударушы - автордың бәсекелесі”, - деген сөздері тұратын. Ол осы қағиданы ұстанды, сол жолда еңбегі де жеміссіз болған жоқ. Қарағандылық ғалымдар Ж.К. Смағұлов пен Ш.Ш. Жалмақанов: “Е.А. Букетов және көркем аударма мәселелері ” атты ғылыми мақалаларында аудармашы, ақын В.А. Жуковскийдің біз келтірген пікірінің Е.Букетов ұғымындағы сипатын былайша өрбітеді: “Бұл сөздер, - деп нақтылайды Е.А. Букетов, - аудармашы ақынға зор сын, зор жауапкершілік алдында тұрғанын, ұлы ақынның асыл қазынасын басқа тілге аудару үшін аудармашының өзі шебер, талантты ақын болу керектігін дәлелдейді” .

Көркем аудармада, оның ішінде поэзияда ұлы ақын шығармасын тәржімалағанда стиль мен ритмиканы, ой мен бейнені дәлме-дәл келтіруге ұмтылу қажеттігін басты мақсат тұту керектігіне баса көңіл аударған. Е.А. Букетов өз аудармаларында және ол туралы ой-көзқарастарында дәлме-дәл тәржімалауға басты мән берген. Дәлме-дәл тәржімаға жету үшін ақынның аударуға алған шығармасын ғана емес, бүкіл шығармашылық жолын, ақындық кредосын жан-жақты зерттеп, болмыс-бітімін түгелдей түсініп барып, кірісуді қалағанын аңғару қиын емес”, - дейді [3,47-59]. Мысалы: Шекспирдің “Макбеті” Букетов аудармасында өзінің поэзиялық бояуы мен ұлттық тұрпатын сақтай отырып, шебер аударылған. Б.Пастернак аударған орыс тіліндегі Дунканның: “Наш храбрый родич! Чести образец!”-деген сөздері Букетов аудармасында: “Қаны бір арысым, жіберсін бе, намысын!” деп тіптен әсерлі болып естіледі. Немесе ұш мыстанның қосылып айтатын:

“Взявшись за руки, бегом  
В круговую в пляс пойдем.  
Замелькает хоровод,  
Из под ног земля уйдет.  
Девять раз кругом, кругом  
Обежим и круг замкнем.

Круг заклят, и солво наше крепко!” [4, 544-545]

- деген өлең жолдары Е.Букетов тәржімасында қазақтың төл өлеңіндей тілге де, жүрекке де жылы тиіп, бірден оқырманын еліктіріп әкетеді. “Қол ұстасып жөнелейік,

Дөңгеленіп би билейік.  
Жер мен аспан көзден ғайып  
Болғанынша зымырайық.  
Тоғыз рет айналып кеп  
Би шеңберін тұйықтайық!  
Орта қарғысқа толсын!  
Сөзіміз бекем болсын!” [5,390].

“Аудармашы ақынның бәсекелесі болуы” керектігін Е.Букетовтің мақсат ететіні де осындай жолдарды аударуынан іздестірген жөн сияқты. Абай аудармаларындағы Пушкин мен Лермонтов

поэзиясының қуатын да аудармашы талантының қарымынан қарастыратынымыз сондықтан. Белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы Ж.А. Жақыпов: “Қазіргі аударма теориясы аудармаға қатаң талап қояды. Ол “орысшаны қазақшалау, қазақшаны орысшалау” дейтіндей деңгейден әлдеқайда жоғары көтеріліп кеткен. Қазіргі аудармаға қойылатын талап - екі тілді қарым-қатынасты бір тілді қарым-қатынасқа барынша жақындату. Евней Арыстанұлы шығармашылығынан біз жарыспалы қостілдікті де, аудармаға қойылатын жаңа талап деңгейінде көре аламыз” [6,42-46] - дейді.

Е.Букетовтің аудармаға деген көзқарасы, сондай-ақ батыл, шынайы пікір айта білетіндігі оқырман қауымға 1953 жылдардан бастап таныс бола бастады. 1953 жылдың 24-ші ақпан күніндегі “Ленинская смена” газетінде жарық көрген “О халтурном переводе и невзыскательных издателях” атты мақаласы сол кездегі аударманың көркемдік деңгейінің қандай дәрежеде екендігін әшкерелейтін өткір сын ретінде бағаланады. Бұдан кейін де Е.Букетов көркем аударма мәселелеріне үлкен көңіл бөліп, оны үнемі назарында ұстап жүрді. “Казахстанская правда” газетінің 1953 жылғы 29 наурыз күнгі санында ұлы ақын В.Маяковскийдің қазақ тіліне аударылып басылып шыққан кітабының көркемдік мәселесіне арналған екі подвалдық үлкен мақала жарияланды. Авторы әлеуметке әлі таныла қоймаған Евней Букетов еді. Біз бұл туралы М.Әлімбаев естелігінде айтқан болатынбыз. Ондағы: “Мақала авторы болса аудармашыларды шетінен қирата сынапты. Ешкімнің Алатаудай атағына, биік беделіне қарамай, бетің бар, жүзің бар деместен сілкілеген екен. Және сынауы сындарлы, дәлелді, пікірі орнықты сияқты”, [7,39] - деген Мұзафар Әлімбаев сөзі Букетов мақаласының мәніне берілген орынды пікір болып саналады.

Көркем аударма жөнінде жазған “Повести Гоголя на казахском языке”, “О переводах на казахский язык произведений В.В.Маяковского”, “О халтурном переводе и невзыскательных издателях”, “Көркем аударма, хал қалай?”, т.б. сын-пікір мақалалары өз уақытындағы әдебиет өмірінің кескін-келбетін, даму, өркендеу жолдарын баяндайтын дүниелер қатарына жатады.

Көркем аударма мәселесі әдебиетімізде әлі күнге дейін үлкен проблема болып отыр. Сондықтанда Е.Букетов оған үлкен жауапкершілікпен қарауды міндеттейді. Мысалы, “Совет елінің өнерінің үлкен өкілі - Э.Межелайтис лирико-философиялық ойдың ақыны. Әлемде өтіп жатқан қоғамдық оқиғаларға тынбай үн қосып, дара даусын танытып келе жатқан күрделі құбылыс, кең танымал суреткер. Оның туындыларын жеңіл-желпі, жүрдім-бардым қазақшалауға болмайды. Өкінішке орай, ол біздің аудармамызда әлі күнге дейін ойдағыдай шықпай келеді. Жасампаз адамға арналған гимн іспеттес атақты “Адам” деген өлеңін алайық” [1,29] - деп сондағы өлең жолдарының аудармаларын келтіре отырып, Е.Букетов былай деп жазады: “Э.Межелайтис жырларының рухы, арқалылығы қазақшасында өшіп, тым қарабайырланып кеткен. Бос белбеу, жырдың көркемдік құнын кемітетін арзан сөздер көбейген. Еш уақытта Литва ақыны:

“Егіз шырғадан сияқты  
Планеталарды жайнатшы”,  
(Түпнұсқада Қ.А)

Так стою, меж двумя Шарами -  
солнечным и земным”)

- демеген болар еді. Ол жер мен көкті тіреген адам құдіретін жыр етеді. Және, ол “ми қыртысы”, мидың алуан байлығы жердің кең қабатынан аумағанды айтпаған, керісінше “Кен қазба байлығы секілді ми қабаттары терең, бай” дегенге сілтеп тұр емес пе айдан-анық?” [1,29] - дейді.

Бұл Е.Букетовтің көркем аудармада жіберілген кемшілікті келтірген бір ғана мысалы. “Көркем аударма, хал қалай?” атты сын-мақаласында осы сияқты көптеген көкейкесті мәселелерді сөз етеді.

Е.Букетовтің аударма жайлы жазған ой-пікірлері, сын-ескертпелері өз дәуірінің қажеттілігіне ғана жарап тұрған жоқ. Публицист қаламынан туған толғақты пайымдаулар мен дәлелді дәйектер құндылығы бүгінгі таңда да өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтанда: “Көркем аударма - өскелең әдебиетіміздің аса бір көрнекті, аса бір салмақты саласының бірі, оның дамуын, өсіп-өрбуін, сапасы артуын әдебиетіміздің басқа салаларымен бірдей қарастырып, оған күйбеңсіз кең өріс ашуымыз қажет”, [1,34] - деген Е.Букетов сөзі бүгінгі күнде де, болашақта да өз маңыздылығын жоғалтпақ емес.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Букетов Е.А. Көкейкесті. – Алматы: Қазақсан, 2000. – 24-б.
2. О халтурном переводе и невзыскательных издателях / Ленинская смена, 1953, 24 февраль.
3. Смағұлов Ж.Қ., Жалмаханов Ш.Ш. Е.А.Букетов және көркем аударма мәселелері. – Қарағанды: ҚарМУ, 1997. – 47-59-бб.
4. Шекспир. Трагедии. – Москва: Правда, 1983. – с. 544-545.

5. Шекспир. Таңдамалы. II том.– Алматы: Жазушы, 1982. – 390-б.
6. Жакыпов Ж.А. Е.А.Букетов шығармаларын қазақ тіліне аудару тәжірибесінен. – Қарағанды: ҚарМУ, 1997. – 42-46-бб.
7. Әлімбаев М. Кісілік пен кішілік // Біртуар. – Қарағанды, 1998. – 39-б.

**Балқыбекова Д.Б.,** академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, химия факультеті, ТФП-121, студент.

*(Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, тарих магистрі Смағұлов Н.Б.)*

### **АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВТЫҢ МҰРАЛАРЫНЫҢ ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ**

Дүниежүзілік Давос экономикалық форумының президенті Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» атты еңбегі қазіргі заманауи технологиялардың адамзат өміріне алып келетін түбегейлі өзгерістері туралы баяндайтын осы күнгі әлемдік бестселердің бірі.

Біз бүгін баршамыздың өмірімізді де, жұмысымызды да, күнделікті қарым-қатынасымызды да түбегейлі өзгертетін алапат индустриялық революцияның бастауында тұрмыз. Бұл төртінші революция ауқымы, қарымы мен күрделілігі революция жағынан да осы уақытқа дейінгі адамзат тарихындағы құбылыстардың барлығынан асып түседі. Жасанды интеллектінің, роботтандырудың, робот-автомобильдердің, 3D басып шығарудың, нанотехнологияның, биотехнологияның дамуымен және тағы да толып жатқан ғажайыптардың пайда болуымен барлық салада қарыштап көкке өрлейтін, таңғаларлық технологиялық дүмпуге куә болмақпыз. Бүкіләлемдік экономикалық Давос форумының негізін қалаушы және тұрақты президенті Клаус Шваб осындай алапат өзгерістердің әлеуетін алдын ала болжап, терең байыптап, оны адамзат игілігіне жарату жолдарын қарастыратын еңбек жазды. Демек, бұл кітап адамзаттың ортақ болашағы үшін алаңдайтын және революциялық технологияларды қоғам тіршілігіне икемдеуге ниетті жасампаз ортаға арналған.

Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» еңбегінде: «Аграрлық революциядан соң, XVIII ғасырдың екінші жартысында басталған тағы бірнеше индустриялық революция өтті. Бұлар – бүгінгі тарихи сәтке жетелген бұлшық етті пайдаланудан механикалық қуатқа ауысу кезеңдер болды. Ал төртінші индустриялық революция үрдісі адамның таным қызметінің өзгеруі арқылы дамитын болды. Бірінші индустриялық революция 1760 жылдардан 1840 жылдарға дейін созылды. Оны іске қосқан тегершік темір жолдың салынуы мен механикалық өндірістің дамуына ықпал еткен бу машинасының ойлап табылуы болды. XIX соңында басталып, XX ғасырдың басына дейін жалғасқан екінші индустриялық революция электр мен конвейердің таралуы арқасында, жалпыға ортақ өндірістің пайда болуына алғышарт жасады. Үшінші индустриялық революция 1960 жылдары басталды. Әдетте оны компьютерлік немес цифрлық революция деп атайды. Оның қозғаушы күші – жартылай өткізгіштер, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары пайдаланған алып ЭВМ-дер, жетпісінші-сексенінші жылдарға жеке компьютерлер, тоқсаныншы жылдардағы интернет жүйелері пайда болды» [1, 13-14 бб.], - деп әлем өркениетінде болып өткен өнеркәсіптік революциялардың қысқаша тарихына шолу жасап өтеді.

Биылға Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Н.Ә.Назарбаев батыл түрде төртінші өнеркәсіптік революцияны сын-тегеуріндердің ғана емес, мүмкіндіктердің де ошағы деп атады. Елбасы әлем халқы күдік пен сенімнің шеңберінде қабылдап отырған зор өзгерісті қазақстандықтардың әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыратынына сеніммен қарайды.

Еліміздің әлемдік дағдарыстың түрлі сынақтарынан сүрінбей өтіп, қарқынды экономикалық даму жолына бет бұрғанын жеткізген Елбасы: «Еліміздің 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясы жүзеге асырылуда. «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында біз реформаларды жүргізіп келеміз. Индустрияландыру саласын өркендету үшін жүйелі жұмыстар атқарылуда. Біз конституциялық реформаны жүзеге асырып, еліміздің Үшінші жаңғыруын бастадық. Рухани жаңғыру бағыты бойынша кешенді іс-шаралар жүргізілуде. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы қабылданды» [2, 1 б.], - деп халқымыздың бұған дейін жүріп өткен жолының табысты болғанын ерекше атап өтті.

Президент Н.Ә. Назарбаев қазақстан экономикасын дамытуда индустрия мен жаңа технологияларды енгізуде әлемнің озық технологияларымен тең дәрежеде болуы керекі туралы айта келе, өнеркәсіптегі өндірісті цифрландыруды тапсырды. Енді ауыр өндіріс пен ауыл шаруашылығы және көлік пен логистика инфрақұрылымын дамытуда жаңа дәуірдің басталды. Заманауи